

ХАТТАМА

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау туралы

Астана қ.

2025 жылғы 08 тамыз

Іс-шараның толық атауы:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – «Өрлеу» БАҰО» АҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау.

Отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны:

2025 жылғы «08» тамыз, Астана уақыты бойынша сағат «17:00»-ден «17:30»-ға дейін, офлайн форматта.

Баяндамашы: Сакенов С.Е. – «Өрлеу» БАҰО» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері.

Күн тәртібі:

1. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Іс-шараның барысы:

«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері Сакенов С.Е. құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

Іс-шара барысында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері мен ұсынымдар екі бағыт бойынша қаралды:

- 1) құрылымдық бөлімшелердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Іс-шараның қорытындысында «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері Сакенов С.Е. қызметкерлерге қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау қажеттігі туралы айтып, профилактикалық жұмысты бірлесіп жалғастыру қажет екенін атап өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер

С. Сакенов